

"Үздік педагог" атағын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 69 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 22 ақпанда № 13158 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10279 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 8-6) тармақшасына с ә й к е с **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н : » ;**

мынадай мазмұндағы 22 және 23-тармақтармен толықтырылсын:

«22. Жергілікті атқарушы органдар озық педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында «Үздік педагог» конкурсының жеңімпаздары туралы облыстық, аудандық (қалалық) баспасөз конференцияларын, брифингтер, телерадио бағдарламалар циклын ұ й ы м д а с т ы р а д ы және ө т к і з е д і .

23. Облыстық, аудандық (қалалық) әдістемелік кабинеттер «Үздік педагог» атағы иегерлерінің озық педагогикалық тәжірибесін жариялау, жинақтау және тарату бойынша жұмыстар жүргізеді, онлайн сабақтар, семинарлар, шеберлік сыныптарын ұйымдастырады. Біліктілікті арттыру орталықтары «Үздік педагог» республикалық конкурсының жеңімпаздарын педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруға және өткізуге тартады.».

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық

бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Білім және ғылым министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
А. Сәрінжіпов